



ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫ

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ ЖАНЫНДАҒЫ
«ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ**

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне арналған
«ТАРИХТАН ТАҒЫЛЫМ – ӨТКЕНГЕ ТАҒЫМ»
халықаралық форумы
(материалдар жинағы)

**Международный форум
«ПАМЯТЬ ВО ИМЯ БУДУЩЕГО»,**
посвященный Дню памяти жертв политических репрессий
(сборник материалов)

прошлого, в котором им пришлось претерпеть много страданий и от которого хотелось избавиться. В реальной жизни они видели картины своего глубочайшего унижения. Поэтому многие из них охотно шли на преследование своих сородичей, выражая желание «отправить кулаков на мыло», намереваясь «стереть его с лица земли». Наделенные революционными полномочиями, оказавшись в царстве беззакония, они не признавали для себя никаких моральных ограничений [8].

Используя произвол, издевательства и доносы, советские органы смогли повсеместно расширить радиус «поимки врагов» в сельской местности. Политическая кампания против «кулаков и баев», по большому счету была направлена против всех слоев крестьянства.

Насильственное уничтожение крестьянства, разрушение в течение короткого периода традиционного уклада, подрыв основ земледелия и животноводства, в конечном итоге, привели к национальной трагедии – демографической катастрофе (сокращение численности зажиточных хозяйств, откочевки, насильственное уничтожение крестьянства, голод), сократившей численность населения Казахстана.

Красный террор, воплощенный в колхозах породил рабскую психологию толпы и иждивенчества, которые вовсе не способствовали упрочению авторитета большевистской власти. В колхозах процветал лишь страх, подавлявший крестьян. Большевики так и остались в крестьянском сознании на долгие годы насильниками и бесами в человеческом облики.

Список литературы:

1. Смагулов Н. К. Кадровая политика большевиков в партийных и государственных органах Казахстана в 1917-1936 гг. – Караганда: КарГТУ, 2011. С. 108.
2. Очерки истории Коммунистической партии Казахстана. Изд. второе, доп. и переработанное. – Алма-Ата: Казахстан, 1984. – С. 194-197.
3. Кузембайулы А., Әбіл Е. История Республики Казахстан. Учебное издание. – 3-е изд. перераб. и доп. Алматы: Санат, 1998. – С. 333.
4. Правда. – 1930. – 11 января.
5. Ивницкий Н.А. Коллективизация и раскулачивание. – Москва, 1994. – С. 64.
6. Зулкашева А. Фрагменты прошлого // Мысль. – 2010. – № 11. – С. 70-78.
7. ГА ЮКО. Ф.74. Оп. 1. Св. 36. Д.390. Л. 11.
8. Баберовски Й. Красный террор. История сталинизма. – Москва: РОССПЭН, 2007. – С. 58.

ТОТАЛИТАРИЗММЕН ҚАРСЫЛАСУДАҒЫ ҰЛТ-ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ РӨЛІ

А. С. Алдекен,

«Кәсіптік оқыту және қоғамдық ғылымдар» кафедрасы,

Алматы технологиялық университеті,

тарих магистрі

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев «Тарих толқынында» атты еңбегінде: «Тоталитаризмнің өзінен бұрынғы дәуірлермен салыстырғанда талассыз бір ерекшелігі – «ұлт мәселесін шешудегі» қатігездігін атап айтуға болады. Қазақтар өздерінің ұлттық бейнесін жоғалтуда. XX ғасырдың бірнеше ондаған жылдары ішінде шеккен зардапты одан бұрынғы талай жүздеген жылдар бойы шеккен жоқ еді. Тоталитаризмнің сорақы этникалық тәжірибелерін өзінің ұлттық шет аймақтарындағы ұлт зиялыларын құртудан бастауы тегін емес» - деп атап көрсетті. [1]

Қазақ зиялылары XX-ғасыр басындағы тоталитаризм саясатына ашық бой көрсетіп, халқына тура жолды нұсқаған көзі ашық топ болатын. Арнайы

терминологиялық сөздікте «интеллигенция – белгілі бір мамандықты игерген немесе жоғары білімді халықтың бір бөлігі» - делінген.

Ал, нағыз интеллигенттер – халықтың мүддесін, сезімін, ой-санасын, арын өте жоғары ұстаушы жандар. Қазақ тілінде «интеллегенцияның» балама түсінігі «зиялылар» ұғымын білдіреді.

Ең алдымен қазақ зиялылары отаршыл үкіметтің қазақтардың тілінің, салт-дәстүрін, діни сенімін, жалпы ерекше болмыс-бітімін қуғындап жою, айуандықпен жазалау арқылы ұлт ретінде жойып, бүтін өлкені орыстандырып жіберуді тоқтату керектігіне назар аударды.

Қазақ халқының қасіреті Сталиндік жазықсыз жазалаудың құрбандары болған қазақ зиялылары мен орыс ғалым зерттеушілерінің ғылыми зерттеу объектісіне айналды. Кеңестік дәуірдің 1920-1930 жылдарындағы саясатына байланысты Ғ.Тоғжанов, С.Асфендияров, Т.Рысқұлов, С.Сәдуақасовтың құнды еңбектерінде жазылды. Олардың туындыларында отаршыл-чиновниктердің, ұлы державалық тұжырымдарына тойтарыс беріліп, большевиктік диктатура тұсында тұңғыш рет қоныстандырудың шынайы бет-бейнесі ашық көрсетіліп, проблеманың кеңеюіне жол ашты.

Ф.И.Голощекиннің 1925 жылы Өлкелік комитетіне басшы болып келгеннен бастап қазақ зиялыларымен ашық күрес жүргізді. Себебі, ұлт бағдаршамы болып табылатын қазақ оқығандарынан секем алып, түгел тазартуға кірісті. Қоғамдық-саяси өмірден қол үзбеген ұлт зиялыларының алғашқы буын өкілдерін «буржуазиялық ұлтшыл», «алаштық интеллигенция» деп жариялап, соңына түсіп, саяси қудалау және репрессиялық шараларды іске асырды.

1929 жылы партиялық тазалау барысында оларды партия қатарынан шығарып, Қазақстаннан кетіруге тырысып бақты.

Белгілі тарихшылар М.Қойгелдиев пен Т.Омарбековтың «Тарих тағылымы не дейді?» атты бірлесіп жазған еңбектерінде былай делінген: «Қазақ зиялылары түптеп келгенде дәстүрлі шаруашылықты күрт бұзуға алып баратын солақай әдістерге асыра сілтеушілікке қарсы еді. Қазақ ауылының секірмелі емес, біркелкі, бірыңғай дамуын жақтады.

Ал, Смағұл Сәдуақасов ғасырлар бойы отарлық езгімен кіріптарлықта болып, ұлттық мемлекеттілігінен айырылған қазақ еліне, оның аяқ асты болған ұлттық мүддесін қорғайтын, яғни жоғын жоқтап, қионы қашқан шаруашылығы мен қамқоршысы жоқ мәдениетіне сүйенген, қорған бола алатын мүлдем жаңа санадағы ұлттық мемлекет құру еді. [2]

С.Сәдуақасов халық ағарту комиссары және «Еңбекші қазақтың» жауапты редакторы болып екі қызметі алып жүруі, Ф.И.Голощекиннің келуімен тұспа-тұс болатынды.

Ол кезде халық ағарту комиссариаты республикадағы ең ірі комиссариаттардың бірі болатын. Оған оқу орындары түгелдей, театр және өнер, ғылым және баспа өндірісі қарады. Республика өмірінде бұл комиссариаттың рөлінің жоғары болуы, сондай-ақ оның әліде болса ұлттың көпшілік құратын жергілікті халықтың күнделікті тыныс тіршілігімен, ұлттық санасының жаңғыру, өсу үрдісін бастан кешіруімен тығыз байланысты болуында еді. С.Сәдуақасов халық комиссары болып басқарып тұрған кезінде екі мәселеге аса үлкен назар аударды. Олар: 1. жаңа талапқа сай мұғалімдер қалыптастыру; 2. қазақ мектептерін оқулықтар, оқу құралдарымен қамтамасыз ету; С.Сәдуақасов өз сөзінде былай деген еді : «Мектепті түзейтін мұғалім. Мектептің ұстасы мұғалім. Мұғалім жолынан таймай, мектеп бұзылмайды. Мұғалім деген қадірлі ат. Мұғалім қадірлі болғанда ғана мектеп көркейеді» - деп [2], дәл басын көрсетіп, одан әрі қазақ мұғалімдері арасында орын алып отырған кемшіліктер турасында үлкен жанашырлықпен баяндайды.

1920-1930 жылдары қазақ мектептері мен педагогикалық оқу орындарында пайдаланылған оқулықтар мен оқу құралдарының авторлары партияда жоқ, негізінде Алаш қозғалысы өкілдерінен құралған ұлттық зиялылар болатын. А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Х.Досмұхамедов, Ж.Аймауытов, Қ.Кемеңгеров, С.Асфендияров және басқа көптеген ғалым, жазушылар бар еді. Алаштық аталған зиялыларының үлкен тобы оқу-ағарту комиссариаты жүйесінде, ғылым, өнер, баспа орындарында, ұлттық баспасөзде жұмыс жасап жүрді. С.Сәдуақасовтың бұл қолдауы Қазақ Өлкелік Комитетіндегі Ф.И.Голощекинге ұнамай, бұл ұлтшылдық, алашордашылықтың көрінісі деп бағалады. 1926 жылы ақпан айында С.Сәдуақасов өзін оқу-ағарту халық комиссары және «Еңбекші қазақтық» редакторы қызметінен босату туралы арыз берді. Мұндай қадамға баруы, Голощекиннің шабуылы мазаласа керек.

Кешегі Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов қойған мәселелер кеңестік билік орнағаннан кейін де, жалғасын тапты. С.Сәдуақасов, Т.Рысқұлов, С.Қожашов т.б. ұлттық мүддені қорғаудағы саяси күреске араласуы қоғамдық талаптан туған табиғи құбылыс болатын.

Т.Рысқұлов 1920 жылдың аяғынан бастап, И.В. Сталинмен бетпе-бет қызметтес болды. Сталин – Нарком, Рысқұлов - орынбасар. Сталинге орынбасар болғанда Рысқұлов небәрі 25 жаста болатын. Қазақстандағы хал-жағдай күннен-күнге ауыр жағдайға айналып бара жатқанын Рысқұлов Қазақстандағы басшылардан артық біліп отырды. Ф.И.Голощекиннің Қазақстандағы «Кіші Қазан» төңкерісінің де, біржақты жүргізіліп жатқандығынан хабардар еді. Сталинге дұрыс ақпарат жеткізуге Т.Рысқұлов әрекет еткенімен, олай болмады. Жазушы Ш.Мұртазаның «Қыл көпір» еңбегінде мынадай деректер бар: «Сталин Т.Рысқұловқа: Көшпенділер шынында да әлі цивилизациядан аллыс екені өтірік емес қой. Сіз айтатындай қазақтар жабайы емес! Орысша оқығандар да бар, ал мұсылманша оқығандар - екінің бірі. Әлде мұсылманша оқу цивилизацияға жатпай ма? Голощекин қасық, шанышқы ұстау жайындағы пікірінен бұрын, әуелі халыққа тамақ тауып берсін». [3]

Міне, қазақ халқының қан жылағанын сонау патша заманынан көріп, куәсі болған Рысқұлов; Сол халыққа қайтсемде қол ұшын беремін деп шырылдаған Рысқұлов; алтын сандықтың үстінде отырып, сол сандықтың кілті қолына тимей, өз жеріне, өз байлығына ие бола алмай қорлық көрген еліне еңіреп жүріп, жаны ашыған Рысқұловты көреміз. Рысқұлов: «Түркістан, Қазақстан патша отаршылдығынан Совет тұсында да арылып болған жоқ!»-деп айқасқа түскен Рысқұлов.

Асыра сілтеушілер мен көзбояушылықтарға төзбей, қазақ зиялылары қолдарына қалам алып, ел мүддесін бір жақты қараған, Ф.И.Голощекиннің озбырлық саясатын ащы шындықпен дәлелденген еңбектері жетерлік. 1920 жылдардың аяғы мен 1930 жылдарындағы Қазақстан ауыл шаруашылығын сталиндік күштер әдістерімен қайта құрудың өзіндік өкінішті тәжірибесінің ауыр зардаптары әлі де зерттеулерді қажет етеді. «Тарих тағылымы мынаны үйретеді: кез-келген мәдениетті халық өзінің ұлттық тәуелсіздігін алып, басқа мемлекеттің саяси ықпалынан босанған сәтте бұрын отаршылдық бұғауында бұрмаланған тарихын қайта қарауға және ұлт тарихының назардан тыс қалған мәселелерін толық қамтып жазу мәселесін жедел қолға алуға ұмтылады». [4] Себебі, төл тарихтың егемен ел азаматтарын саяси-рухани жағынан патриоттық рухты тәрбиелеуде орасан зор маңызы бар.

1925 жылдары Бүкіл Кеңестік (большевиктік) Партияның Қазақ өлкелік партия комитетін басқарған Ф.И.Голощекиннің, Ресей Кеңестік Федеративтік Социалистік Республикасының Халық Комиссарлары кеңесі Төрағасының орынбасары Т.Рысқұловтың, республика Халық Комиссарлары Кеңестің төрағасы О.Исаевтың және басқалардың И.В.Сталинге жазған хаттары қазақ даласындағы наразылықтардың аса зор көлем алғанын, Алтайдан Маңғыстауға дейінгі аймақты түгел қамтығанын, бұл туралы Кеңес өкіметінің ең жоғарғы деңгейдегі басшыларының хабардар болғанын,

олардың осы наразылықтарды күшпен басуға атсалысқандарын да дәлелдеді. Голощекин бастаған республиканың бір топ басшылары «байларға шабуыл» деген бұрқеме ұранды жамылып, 1928 жылы тәркілеу кезінде сыннан өткен, үлкен әрі ауқымды кез-келген міндеттерді тым қысқа мерзімде зорлық-зомбылық арқылы шешіп тастауға болатынын айқын аңғарған болатын.

Б.Омарбековтың «Зобалаң» атты ақтаңдақтар қасіреті жайында жазылған еңбегінде: «Күштеу, зорлау әдістері о бастан-ақ еркіндік сүйген шаруа қауымының ашық наразылықтарын туғызды, 1929 жылдың өзінде Қазақстанда 30-дан астам үлкенді-кішілі халық наразылығы бас көтерулері және толқулары орын алды». [4]

Голощекиншілер 1929 жылы болған алғашқы халық наразылықтары кезінде-ақ әскери күш қолдануды алғашқы орынға қойды, сөйтіп, Тақтакөпір, Бетпаққара және Бостандық наразылықтарында қарусыз халыққа қарсы қарулық күшті ашықтан-ашық қолданды.

Халқымыздың аяулы перзенттері Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, С.Сейфуллин, О.Жандосов, Б.Майлин, І.Жансүгіров, С.Асфендияров, Халел және Жанша Досмұхамедовтар, аса көрнекті мемлекет қайраткерлері Т.Рысқұлов, Л.Мирзоян, Т.Жүргенов, М.Масаншы, А.Розыбакиев, Ұ.Құлымбетов т.б. сан алуан ұлт өкілдерінің сан мыңдаған басқада өзімізге мәлім және беймәлім жандардың өмірі, осы үрейлі жылдары қиылды.

Тоталитаризм қапасында өмірі қиылған жандардың, сондай-ақ бастан кешкен қасіреті өле-өлгенше санасында жаңғырып, сол қорқынышты шындықты бізге жеткізген, азап көрсе де, аман қалу бақытына ие болған жандардың қай-қайсысы да бүгінгі ұрпақ үшін қымбат, айрықша қастерлі. Олар ұрпақ санасында мәңгі өмір сүреді.

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына арнаған жолдауында : «Біздің кейінгі ұрпаққа аманат, ең басты байлығымыз – Ел бірлігі болуы керек. Осынау жалпыұлттық құндылықты біз әрбір жастың бойына сіңіре білуіміз керек» [5] деп атап көрсетті. Сондықтан, көкірегі ояу, парасаты биік, ел қамын ойлайтын білікті де білімді азаматтардың мемлекетіміздің гүлденуіне үлес қосатын, ертенгі күннің зиялы қауымының зердесін нығайта берейік.

Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында, Алматы «Атамұра» баспасы, 1999 жылы 229-230 беттер
2. Қойгелдиев М. Омарбеков П. Тарих тағылымы не дейді? Алматы «Ана тілі» баспасы, 1993 жылы 61-80 беттер
3. Мұртаза Ш. Қыл көпір. «Жазушы» баспасы, 1991 жылы 429-430 беттер
4. Омарбеков Т. 20-30 жылдарындағы Қазақстан қасіреті. Алматы «Санат» баспасы, 1997 жылы 4-5 беттер
5. Назарбаев Н.Ә. «Нұрлы жол- болашаққа бастар жол» кезекті Қазақстан халқына арнаған жолдауы. Алматы «Ана тілі» 13-19 қараша 2014жыл1999 жылы 229-230беттер